АҢДАТПА

Диссертация 8D04201 «Құқық» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған.

Авторы – Бабаджанян Естер Левоновна.

Жұмыстың тақырыбы: «Біржақты ерік білдірудің құқықтық табиғаты және салдары».

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы бойынша біржақты ерік білдіру герман, австрия, швейцария, нидерланд және ресей құқығымен, ал жекелеген мәселелер бойынша Франция, Италия, Испания және Англия құқығымен салыстыра отырып кешенді түрде зерттелген. Жұмыс біржақты ерік білдірудің құқықтық табиғатын айқындауға, оны ұқсас құрылымдардан ажыратуға және біржақты мәмілелердің құқықтық режимін белгілеуге бағытталған: оларға мәмілелер туралы және шарттар туралы жалпы ережелерді қолданудың шектері, құқықтық әсердің туындау сәті, мәмілені шартты түрде жасаудың жол берілуі және оның күшін жою мүмкіндігі қарастырылған.

Зерттеуге екі жіктеу белгісі негіз етіп алынған: рецептивтілік, яғни ерік білдіруді адресатқа жеткізу қажеттігі, және интервенттілік, яғни адресаттың құқықтық саласына оның еркінен тыс әсер ету. Осы белгілерді құқықтық режимнің барлық мәселелеріне дәйекті түрде қолдану біржақты ерік білдіруді реттеудің тұтас моделін ұсынуға, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (бұдан әрі – ҚР АК) олқылықтарды анықтауға және оны жетілдіру жөнінде жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу кезінде ескерілуі мүмкін ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі ең алдымен азаматтық заңнаманы қайта кодификациялаудың басталуымен айқындалады. Мемлекет басшысы 2026 жылғы 28 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында жаңа Азаматтық кодекс қабылдау қажеттігін атап өтті. Қайта кодификациялау кодекстің жалпы ережелерін, ең алдымен азаматтық құқық, құқықтар мен міндеттердің туындауын, өзгеруін және тоқтатылуын айналым қатысушыларының еркімен байланыстыратын мәміле туралы ілімді қайта қарау мәселесін қояды. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы Азаматтық кодексте жиналыстардың шешімдерін азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындауының, өзгеруінің және тоқтатылуының дербес негіздері ретінде көздеуді орынды деп таниды.

Мәміленің пандектілік ұғымын қабылдаған ҚР АК біржақты мәмілелерге екі бап қана арнайды (148 және 149-баптар), ал мәмілелердің нысаны, жарамсыздығы және шартты түрде жасалуы туралы жалпы ережелер негізінен шартқа бағдарланған. Мәмілені әрекет арқылы анықтау (ҚР АК 147-бабы) тәжірибеде бір-біріне қарама-қарсы екі бұрмалауға әкеледі. Бір жағдайда құқықтық нәтиже тудыруға бағытталған ерік болмаса да, нақты әрекеттер мәміле деп танылады: мұрагердің мұра қалдырушының үйінде тұруы мұраны қабылдау ретінде бағаланады. Басқа жағдай~~лар~~да ерік

білдірудің мәмілелік сипаты жоққа шығарылады: шарттан біржақты бас тарту туралы хабарлама мәміле болып табылмайтын құжат деп танылады.

Заңда біржақты ерік білдіруді мәмілеге ұқсас хабарламалардан ажырату өлшемдері жоқ, жиналыс шешімдерінің табиғаты айқындалмаған, біржақты мәміле мен шарттың ара жігі ажыратылмаған (борышты кешіру, оферта және акцепт). ҚР АК-де адресатқа бағытталған ерік білдірудің күшіне ену сәті туралы жалпы ереже жоқ, ал ҚР АК 176-бабының 2-тармағындағы ереже қарама-қарсы қисынға құрылған. ҚР АК 1116-бабының коллизиялық нормасы біржақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелерді мәміле жасалған жердің құқығына бағындырады және сол жерді Қазақстан Республикасының құқығы бойынша айқындауды көздейді, алайда мәмілелер туралы жалпы ережелерде де, ҚР АК-нің өзге нормаларында да біржақты мәміленің қай жерде жасалған деп саналатыны көрсетілмеген. Біржақты мәмілелерді шартты түрде жасауға жол берілуі туралы ережелер де, мәміле жасауға келісім беру және біржақты ерік білдіруді кері қайтарып алу туралы жалпы нормалар да жоқ. Сот және нотариаттық тәжірибе бұл олқылықтарды жағдайға қарай және ретсіз толтырады.

Зерттеу тақырыбы ғылымды дамытудың «Елдің зияткерлік әлеуеті» атты басым бағытына сәйкес келеді. Біржақты ерік білдіру азаматтық айналымның күнделікті бөлігін құрайды, бұл тақырыптың әлеуметтік маңызын да айқындайды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – біржақты ерік білдірудің құқықтық табиғаты мен салдарын айқындау, оған мәмілелер туралы және шарттар туралы жалпы ережелерді қолданудың шектерін белгілеу және оның құқықтық әсерінің туындау сәті, шартты түрде жасалуына жол берілуі және күшін жою мүмкіндігі туралы мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін өлшемдерді әзірлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау.

Зерттеудің міндеттері:

• біржақты ерік білдіру ұғымын және оның құқықтық табиғатын айқындау;

• мәміле құрамының элементтері ретінде ерік пен ерік білдірудің арақатынасын зерттеу;

• біржақты ерік білдіруді ұқсас құрылымдардан ажырату;

• біржақты ерік білдіруді рецептивті және рецептивті емес, интервентті және интервентті емес деп бөлудің практикалық маңызын анықтау;

• Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы бойынша біржақты мәмілелердің құқықтық режимінің моделін, сондай-ақ оларға мәмілелер туралы және шарттар туралы жалпы ережелерді қолданудың шектері мен салдарын айқындау;

• біржақты ерік білдірудің құқықтық әсерін шартқа байланыстырудың жол берілу шектері мен салдарын айқындау;

• біржақты ерік білдірудің күшін жоюға жол берілу өлшемдерін айқындау;

• ҚР АК-ні жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау.

Зерттеу объектісі – біржақты ерік білдіру процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар. **Зерттеу пәні** – Қазақстан Республикасының және шетелдік құқықтық тәртіптердің біржақты ерік білдіруді реттейтін азаматтық заңнама нормалары, оларды қолдану тәжірибесі, сондай-ақ біржақты ерік білдіруге қатысты доктриналық көзқарастар.

Зерттеудің шегі. Біржақты ерік білдіру ұғымы біржақты мәміле ұғымынан кеңірек: оферта, акцепт және жиналысқа қатысушының дауысы біржақты ерік білдіру болып табылады, бірақ шарттың немесе жиналыс шешімінің фактілік құрамына кіреді. Біржақты мәміле жалғыз ерік білдіруден тұрады, сондықтан зерттеудің өзегін құрайды; өзге біржақты ерік білдірулер мен оларға ұқсас актілер оның шекарасын белгілеу үшін қажет болған шамада ғана қарастырылады. Зерттеу азаматтық құқықтың жалпы ережелерімен шектелген. Жария-құқықтық және процестік сипаттағы біржақты актілер, жекелеген атаулы біржақты мәмілелердің арнайы режимдері, шарт жасасу және жиналыс шешімін қабылдау тәртібінің өзі, сондай-ақ біржақты мәміленің жасалған жері туралы мәселеден басқа коллизиялық реттеу зерттеу шегінен тыс қалады.

Зерттеу әдіснамасы. Формальды-заңдық (догматикалық) әдіс ҚР АК-нің және өзге де заңнамалық актілердің нормаларын түсіндіру үшін, оның ішінде телеологиялық редукцияны қолдана отырып пайдаланылды. Салыстырмалы-құқықтық әдіс өзінің функционалдық түрінде әртүрлі құқықтық тәртіптердің бірдей мәселелерге беретін шешімдерін салыстыру үшін қолданылды. Тарихи-құқықтық әдіс герман пандектистикасында мәміле және ерік білдіру туралы ілімнің қалыптасуын талдау үшін пайдаланылды. Жіктеу әдісі біржақты ерік білдірудің бөлінуін әзірлеу және тексеру кезінде қолданылды.

Сот тәжірибесін талдау әдісі қарастырылып отырған мәселелерді қазақстандық соттардың қалай шешетінін тексеруге мүмкіндік берді. Эмпирикалық базаны 2009-2026 жылдардағы қазақстандық соттардың 33 сот актісі және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 5 нормативтік қаулысы құрады; салыстыру үшін ресей соттарының және нидерланд сотының актілері де қаралды. Актілер мақсатты түрде іріктелді: оған біржақты ерік білдіруді немесе хабарламаны саралау даудың нәтижесіне әсер еткен актілер енгізілген. Нормативтік негізді ҚР АК және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілері, Германияның, Австрияның, Швейцарияның, Нидерландтың, Францияның, Италияның, Ресей Федерациясының және Украинаның азаматтық кодекстері, сондай-ақ жеке құқықтың ұлттық заңнамалардан жоғары саналатын жинақтары құрады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Біржақты мәмілелердің жекелеген қырлары ресей доктринасында (Н.В. Резанов, А. Акужинов, Е.А. Крашенинников және Ю.В. Байгушева, А.Г. Карапетовтің редакциясымен шыққан #Глосса сериясының түсіндірмелері), герман, австрия, швейцария және нидерланд әдебиетінде зерттелген. Қазақстандық доктринада бүгінге дейін біржақты ерік білдіру дербес зерттеу пәні болған емес: оның жекелеген қырлары ҚР АК-ге түсіндірмелерде және оқу әдебиетінде, сондай-ақ Ю.Г.

Басиннің, М.К. Сүлейменовтің, С.И. Климкиннің, А.Г. Диденконың, С.В. Скрябиннің және басқа авторлардың еңбектерінде қозғалады.

Зерттеудің жаңалығы мынада: доктрина жекелеген мәселелерге қолданып келген рецептивтілік пен интервенттілік белгілері біржақты ерік білдірудің құқықтық режимінің тұтас моделіне негіз етіп алынды. Бұл модель ерік білдіруді түсіндіру (талқылау), оның жасалу сәті мен жері, нысаны, жарамсыздығы, шартты түрде жасалуына жол берілуі және кері қайтарып алу туралы мәселелерді бірыңғай өлшемдер бойынша шешуге мүмкіндік береді. Қазақстан құқығына қатысты ҚР АК бойынша біржақты мәмілелердің құқықтық режимінің моделі алғаш рет сипатталып, шетелдік шешімдерді жай ғана көшіру арқылы толтыруға болмайтын олқылықтар анықталды.

Жіктеу өлшемдерінің өзін автор енгізбейді: олар герман және ресей доктринасынан алынған. Автордың өз үлесі мынада: аталған өлшемдер біржақты ерік білдіру режимінің барлық мәселелеріне тұтас қолданылып, қазақстандық заңнама мен сот тәжірибесінде тексерілді; ҚР АК бойынша біржақты мәмілелерді реттеудің аралас моделі негізделіп, негіздердің жабық тізбесі интервентті мәмілелерге ғана қолданылатыны көрсетілді; ҚР АК 1116-бабының мақсаттары үшін біржақты мәміленің жасалған жері туралы және жеткізу қағидатының ҚР АК 176-бабының 2-тармағымен арақатынасы туралы мәселелер шешілді; қазақстандық заңнама бойынша заңдық маңызы бар хабарламалар сараланды; қазақстандық материалда жұбайдың келісімі мен оны кері қайтарып алу, шартты өсиет және борышты кешіру зерттелді; ҚР АК-ні өзгерту жөнінде ұсыныстар тұжырымдалды.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар.

1) мәмілені әрекет арқылы анықтау ерікті білдіру тәсілдерін ескермейді. Ерік білдіру әрекеттен, әрекетсіздіктен немесе үндемеуден тұруы мүмкін. Ал егер мінез-құлықтың салдары еріктің бағытына қарамастан заң күшімен туындайтын болса, мұндай мінез-құлық мәміле болып табылмайды. Сондықтан мәмілені азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған ерік білдіру немесе ерік білдірулердің жиынтығы ретінде анықтаған жөн. Мұндай анықтама жалпы сипатта, өйткені біржақты мәміле бір ерік білдіруден, шарт тараптардың сәйкес келетін ерік білдірулерінен, ал жиналыс шешімі азаматтық-құқықтық қоғамдастыққа қатысушылардың мынадай белгілердің жиынтығына сай келетін ерік білдірулерінен тұрады: олар қатысушылар үшін ортақ мәселеге қатысты, бір бағытта болады және бір-біріне емес, жиналысты жүргізетін тұлғаға арналады, белгіленген рәсімде көпшілік қағидасы бойынша біртұтас шешімге бірігеді, ал қабылданған шешім қарсы дауыс берген немесе дауыс бермеген қатысушылар үшін де міндетті болады. Жиналыс шешімі осы арқылы әрқайсысы өз алдына құқықтық нәтиже туғызатын бірнеше тұлғаның қатар жасалған ерік білдірулерінен ерекшеленеді;

2) біржақты мәміле ұқсас құрылымдардан актінің атауы бойынша емес, белгілердің жиынтығы бойынша ажыратылады. Біржақты мәміле деп мынадай ерік білдіру танылады: а) ол азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған; б) құқықтық әсерді еріктің осы

бағытталуына байланысты және сол ерік айқындайтын мазмұнда туғызады; в) осы әсердің туындауы үшін оның өзі жеткілікті; г) бір тараптан шығады, ал бұл тарапты бірнеше тұлға да құрауы мүмкін. Мәмілеге ұқсас хабарлама одан алғашқы екі белгі бойынша ерекшеленеді: а) ол ерікті акт болып табылады және сырттай ерік білдіруге ұқсайды, бірақ б) оның мазмұнын факті немесе ниет туралы хабар құрайды, ал құқықтық салдары заңмен, адалдық қағидатымен немесе бұрын жасалған мәміленің талаптарымен алдын ала айқындалған және жіберушінің еркі соған бағытталған-бағытталмағанына қарамастан туындайды. Сондықтан мәмілелер туралы нормалар оған ұқсастық бойынша және іріктеп қана қолданылады. Оферта, акцепт және қатысушының дауысы үшінші белгіге сай келмейді: біржақты ерік білдіру бола тұра, олар өздігінен өздері бағытталған нәтижені туғызбайды және дербес мәміле болмай, шарттың немесе жиналыс шешімінің фактілік құрамына кіреді. Төртінші белгі бойынша біржақты мәміле шарттан ерекшеленеді: егер әсердің туындауы үшін адресаттың да еркі қажет болса, мәміле шарт болып табылады, борышты кешіру кезінде осылай болады. 1-тұжырымда аталған белгілерге ие жиналыс шешімі біржақты мәмілеге де, шартқа да жатқызылмайтын мәміленің ерекше түрін құрайды. Нысан, жарамсыздық және мерзімдер туралы қандай нормалар қолданылуға тиіс екені осы ажыратудың нәтижесіне байланысты;

3) мынадай белгілердің жиынтығына сай келетін біржақты ерік білдіру рецептивті болып табылады: а) ол белгілі бір тұлғаға немесе тұлғаларға (адресатқа) арналған; б) күшіне енуі үшін ол адресатқа жеткізілуге, яғни адресат онымен танысуға мүмкіндік алатындай етіп оның бақылау саласына түсуге тиіс, бұл ретте іс жүзінде танысу талап етілмейді; в) жеткізілгенге дейін ол құқықтық әсер туғызбайды. Рецептивті емес ерік білдіру жеткізуді қажет етпейді. Оны жасау үшін еріктің сыртқа объективті түрде білдірілуі жеткілікті, ал құқықтық әсер ол құқықтарын қозғайтын тұлғалардың хабардар болуына қарамастан туындайды (өсиет, сыйақыны жария түрде уәде ету, меншік құқығынан бас тарту). Рецептивтілік құқықтық әсердің туындау сәті, жеткізілмей қалу тәуекелі, кері қайтарып алу, түсіндіру (талқылау) және мәміленің жасалған жері туралы мәселелерді шешуге негіз болады. Рецептивті ерік білдіру үшін оның адресатқа жеткізілуі шешуші мәнге ие және адресаттың өзіне байланысты мән-жайлар бойынша алмау тәуекелін адресат көтеруге тиіс. Рецептивті мәміленің жасалған жері деп ерік білдірудің адресатқа жеткізілген жерін тану керек. Рецептивті емес мәміле үшін мұндай жер – ерік білдірілген жер;

4) егер құқықтық тәртіп мәміленің пандектілік ұғымын қабылдап, сонымен бірге шарттық нормаларға сілтеме жасаса, біржақты мәмілелерді реттеу аралас сипатқа ие болады. Оның нақты мазмұны интервенттілікпен, яғни адресаттың құқықтық саласына оның еркінен тыс әсер етумен айқындалады. Мынадай белгілердің жиынтығына сай келетін біржақты мәміле интервентті болып табылады: а) оның құқықтық әсері мәмілені жасауға қатыспайтын белгілі бір тұлға үшін туындайды; б) бұл әсер сол тұлғаны құқықтарынан айыруда, оған міндеттер жүктеуде, ол қатысатын құқықтық қатынасты өзгертуде немесе тоқтатуда не оның құқықтық жағдайын өзгеше

өзгертуде көрінеді; в) ол осы тұлғаның еркінен тыс туындайды, бұл ретте әсердің адресат үшін қалаулы болуы емес, оны келісімсіз таңу мүмкіндігі шешуші мәнге ие. Интервентті емес мәміле ерік білдірушінің өз құқықтарын шектейді не басқа тұлғаларға құқықтық мүмкіндіктер береді, ал оларды пайдалану-пайдаланбауды сол тұлғалардың өздері шешеді. Өзгенің құқықтық саласына араласуға секундарлық (өзгертуші) құқық болған кезде жол беріледі, онсыз интервентті мәміле құқықтық салдар туғызбайды. Шарттық шешімдерді жинақтау арқылы әзірленген нысан және жарамсыздық туралы жалпы ережелер бейімдеуді қажет етеді, оның ортақ бастауы – интервентті мәміленің адресатын өзіне таңылған құқықтық белгісіздіктен қорғау. Интервенттілік нақты тұлғаға қатысты бағаланады және рецептивтілікпен сәйкес келмейді. Рецептивтілік ерік білдірудің күшіне ену тәсілін, ал интервенттілік оның өзгенің құқықтық саласына әсерін сипаттайды. Сондықтан рецептивті мәміле интервентті де (шарттан бас тарту, есепке жатқызу), интервентті емес те (сенімхат беру) болуы мүмкін;

5) шарт қою (мәмілені шартты түрде жасау) туралы мәселені барлық біржақты мәмілелер үшін бірдей шешуге болмайды. Интервентті емес мәмілеге, егер заңда немесе мәміленің мәнінде ерекшелік белгіленбесе, кез келген шартты енгізуге жол беріледі. Интервентті мәмілелер үшін бастапқы ереже – тыйым салу. Одан шарт адресатпен алдын ала келісілген кезде, сондай-ақ кейінге қалдыру шарты адресаттың ақпараттық бақылау саласында болған кезде ауытқуға болады. Жол берілмейтін шарты бар ерік білдіру парасатты адресатта ерік білдіруші мәмілені ол шартсыз да жасар еді деп болжауға негіз болған кезде ғана сол шартсыз күшін сақтайды;

6) арнайы реттеу болмаған кезде біржақты ерік білдіруді кері қайтарып алу оның рецептивтілігі мен интервенттілігімен айқындалады: жеткізілгенге дейін рецептивті ерік білдіруді кері қайтарып алуға болады, жеткізілгеннен кейін интервентті ерік білдіру кері қайтарылмайды, ал интервентті емес ерік білдірудің күшін, егер бұл заңнан немесе оның мәнінен туындаса, болашаққа жоюға болады;

7) тұжырымдалған ережелер негізінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына мәміленің анықтамасы, рецептивті ерік білдірудің күшіне ену сәті, интервентті мәмілелердің шектері мен салдары, біржақты ерік білдіруді шартты түрде жасау және кері қайтарып алу туралы өзгерістер мен толықтырулар ұсынылды; олар жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу кезінде де ескерілуі мүмкін. Олардың тізбесі қорытындыда келтірілген.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Диссертацияның нәтижелері біржақты мәмілелер мен шарттарға арналған кейінгі зерттеулерде және азаматтық, шарттық және міндеттемелік құқық курстарын оқытуда пайдаланылуы мүмкін. Диссертация соттарға, нотариустарға және өзге де құқық қолданушыларға біржақты мәмілелер туралы нормаларды түсіндіру және қолдану кезінде, ал тұжырымдалған ұсыныстар ҚР АК-ні жетілдіру және Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық кодексін әзірлеу кезінде пайдалы болуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу (апробация). Диссертацияның негізгі ережелері мен тұжырымдары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған келесі мақалаларда көрініс тапты:

1. «The concept and correspondence between internal and external will (expressed will) within structure of a civil transaction». Қарағанды университетінің хабаршысы. «Құқық» сериясы. 2025. Т. 30, № 1(117). 118-129-беттер;

2. «Устойчивость правового эффекта одностороннего волеизъявления «mortis causa» под условием». Право и государство. 2025. № 2(107). 68-74-беттер;

3. «Презумпция диспозитивности норм о договорах в Гражданском кодексе Республики Казахстан: опыт сплошной оценки и законодательное предложение» (М.А. Ахмадимен және Р.М. Мальковпен бірлескен авторлықта). Право и государство. 2026. № 3(112). 49-66-беттер.

Зияткерлік құқықтардың ауысуы кезіндегі біржақты ерік білдірудің рөлі туралы қолданбалы тұжырымдар халықаралық баспаның ұжымдық монографиясында сынақтан өтті: Abylaiuly A., Kokzhalov R., Abenova A., Babajanyan Ye. Kazakhstan // International Encyclopaedia of Laws: Intellectual Property / ed. by H. Vanhees. Alphen aan den Rijn: Kluwer Law International, 2026 (автор 6, 10 және 12-тарауларды, оның ішінде зияткерлік құқықтардың ауысуы туралы тарауды және оларды мұраға алу туралы параграфты дайындаған).

Диссертация 2026 жылғы 30 қазанда Maqsut Narikbayev University Жоғары құқық мектебінің Ғылым жөніндегі комитетінің Жеке құқық департаменті өкілдерінің қатысуымен өткен кеңейтілген отырысында талқыланып (№ 78 хаттама), жария қорғауға ұсынылды.

Зерттеудің құрылымы. Диссертация кіріспеден, параграфшаларға бөлінген он параграфты қамтитын үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Әр тараудың соңында қорытынды берілген. Диссертацияның көлемі – 218 бет.

Бірінші тарауда біржақты ерік білдірудің ұғымы мен құқықтық табиғаты зерттеледі. Мәміленің әрекет емес, ерік білдіру немесе ерік білдірулердің жиынтығы екені және біржақты ерік білдірудің біржақты мәміледен кеңірек екені көрсетілген. Ерік пен ерік білдірудің арақатынасы, олардың арақатынасы туралы теориялар және оларды қазақстандық құқықтың қабылдауы, ерікті білдіру тәсілдері қарастырылған. Біржақты ерік білдіру нақты актілерден, мәмілеге ұқсас хабарламалардан, шарттан және жиналыс шешімінен белгілердің жиынтығы бойынша ажыратылған; шекаралық жағдайлар, оның ішінде борышты кешіру, сыйақыны жария түрде уәде ету, оферта мен акцепт талданған.

Екінші тарауда біржақты ерік білдірудің жіктелуі қарастырылады. Рецептивті және рецептивті емес ерік білдіруге бөлу және оның құқықтық әсердің туындау сәті, жеткізілмеу тәуекелін бөлу, кері қайтарып алу, түсіндіру (талқылау) және мәміленің жасалған жері үшін практикалық маңызы

зерттелген. Биржақты мәмілелерді интервентті және интервентті емес деп бөлу негізделіп, интервентті мәмілеге секундарлық (өзгертуші) құқық болған кезде ғана жол берілетіні көрсетілген. Рецептивті және рецептивті емес ерік білдірудің, интервентті және интервентті емес мәмілелердің белгілері тұжырымдалып, бұл екі жіктеудің сәйкес келмейтіні көрсетілген. Биржақты мәмілелерді құқықтық салдарының түрі бойынша бөлу қысқаша сипатталған.

Үшінші тарауда биржақты ерік білдірудің құқықтық режимі мен салдары зерттеледі. Қазақстандық реттеудің аралас моделі сипатталып, биржақты мәмілелерді жасау еркіндігі, олардың нысаны мен жарамсыздығы, сондай-ақ оларға шарттар туралы жалпы ережелерді заң ұқсастығы бойынша қолдану қарастырылған. Биржақты ерік білдірудің құқықтық әсерін шартқа байланыстырудың мүмкін болуы мен салдары, оның ішінде шартты өсиет, биржақты ерік білдірудің күшін жою, мәміле жасауға келісім беру және оны кері қайтарып алу зерттелген.

Қорытындыда зерттеудің негізгі тұжырымдары және ҚР АК-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар тұжырымдалған: мәміленің анықтамасы, рецептивті ерік білдірудің күшіне ену сәті, интервентті мәмілелердің шектері мен салдары, биржақты ерік білдіруді шартты түрде жасау және кері қайтарып алу, жиналыстардың шешімдері туралы.